В норме части 9 статьи 478 УПК указывается о правомочности участия потерпевшего либо его представителя в судебном заседании при рассмотрении вопроса об условно-досрочном освобождении от отбывания наказания. Но при этом, исходя из содержания данной нормы следует, что оно не обязывает суды уведомлять потерпевшего о дне слушания материала. Это по нашему мнению является неверным, поскольку это нарушает процессуальные права потерпевшего.

Поэтому в целях улучшения качества рассмотрения материалов об условно-досрочном освобождении представляемых в суд, считаем необходимым исправительным учреждениям, исполняющим наказание извещать потерпевших о направлении ходатайства осужденного в суд.

А судам при поступлении данных материалов уведомлять потерпевших о предстоящем судебном заседании.

В этой связи мы предлагаем внести поправку в статью 478 часть 9 УПК следующего содержания:

«При рассмотрении вопроса об условно-досрочном освобождении от отбывания наказания учитывается мнение потерпевшего либо его представителя.

Суд уведомляет потерпевшего либо его представителя о предстоящем судебном заседании по почте заказным письмом и другими всеми возможными средствами связи. В случае невозможности личного участия потерпевшего либо его представителя в суде могут быть рассмотрены письменные заявления и ходатайства. При надлежащем уведомлении потерпевшего либо его представителя и отсутствии с его стороны каких-либо письменных заявлений и ходатайств, а также в случае, если ущерб нанесен интересам государства, по вопросу о соблюдении прав потерпевшего или государства в обязательном порядке требуется заключение прокурора.»

Необходимо ввести прямой запрет на применение условно-досрочного освобождения в отношении лиц, кому условно-досрочное освобождение было отменено (как это было в редакции статьи 70 части 8 УК от 16 июля 1997 года).

Первые шаги в этом направлении законодателем уже сделаны, а именно был введён прямой запрет на применение условно-досрочного освобождения в отношении лиц, осуждённых за тяжкое или особо тяжкое коррупционные преступления, и лиц, осужденных за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних.

Казалось бы, большое количество документов, представляемых в суд должно быть достаточным для принятия правильного и справедливого процессуального решения судьей об условно-досрочном освобождении.

Трудность принятия правильного процессуального решения в данной ситуации осложняется следующими обстоятельствами: судья своим процессуальным решением должен совершить прогностический поступок, что в будущем условно-досрочно освобожденный будет себя вести законопослушно [3].

Если у судьи есть сомнения в этом, то он должен отказать в УДО. Но правильное прогностическое решение не всегда связано с уголовно-процессуальной сферой [2].

Лишь когда в уголовном законе появятся конкретика и ясность по поводу применения условно-досрочного освобождения, количество жалоб и претензий к судам как со стороны осуждённых, так и со стороны общества, существенно снизится.

Исправление осужденного – сложная психологическая, социально-правовая и, в конечном итоге, нравственная категория. Речь идет об изменениях в духовно-нравственной, эмоционально-волевой и мотивационной сферах личности. Это происходит в результате комплексного, воспитательного воздействия на него в период отбывания наказания [4].

Поэтому предлагается оценку поведения и личностных качеств осужденного, осуществлять комиссионно, с участием в ней профессиональных психологов, наркологов, педагогов, социологов и других специалистов для прогноза поведения осужденного и подготовки мотивированного заключения о возможности УДО.

Рассматривая изложенные проблемные вопросы необходимо обратить внимание также и на следующее:

Так по причине того, что распределение уголовных дел и материалов в судах осуществляется по автоматизированной системе, имеются случаи, когда один и тот же судья, вынесший приговор в отношении осужденного, рассматривает впоследствии также и его ходатайство об УДО либо о смягчении, освобождении от наказания по иным основаниям, то есть по сути судья вынужден принимать решение по делу, в котором он участвовал.

При этом в статье 87 УПК РК, эти обстоятельства не указаны, как исключаяющие участие судьи при рассмотрении материалов вышеуказанной категории, что считаем упущением в процессуальном законодательстве.

В многосоставных судах первой инстанции и апелляционной коллегии областных судов полагаем необходимо предусмотреть специализацию и закрепить конкретных судей за рассмотрением материалов об УДО и ЗМН.

В этой связи хотелось обратить внимание на практический опыт Жамбылского областного суда по внедрению специализированного суда по рассмотрению вопросов при исполнении приговоров на территории Жамбылской области в рамках пилотного проекта, начавшегося с ноября 2021 года. Идея по внедрению данного Пилота в судах Жамбылской области была поддержана на первом Международном форуме ученых судебной системы, состоявшегося 21 октября 2021 года. Осуществление пилотного проекта обеспечило возможность более тщательного изучения представленных материалов и оперативного принятия по ним процессуальных решений. Специализация на конкретных нормах права позволила улучшить качество принимаемых решений и судебных актов, сформировать единообразную практику на территории всей области, наладить работу с администрациями учреждений и осуществляющими соответствующий надзор прокурорами.

На первый взгляд не очевидным, но не менее важным плюсом внедрения пилотного проекта на территории Жамбылской области явилось значимое снижение нагрузки на территориальные суды, которые на период Пилота смогли полностью сконцентрировать свое внимание на рассмотрении уголовных дел.

Резюмируя, хотелось бы отметить, что нами обозначены проблемные вопросы, акцентировано внимание на недостатках в том или ином направлении, но самое главное и важное - необходимо продумать и реализовать целый ряд мер законодательного характера, которые должны свести к минимуму произвольные толкование и применение норм об условно-досрочном освобождении от отбывания наказания, и повысить справедливость принимаемых решений.

**Список использованных источников:**

1. Червоткин А.С. Проблемы судебной практики рассмотрения ходатайств об условно-досрочном освобождении лиц, отбывающих лишение свободы // Уголовное право. 2015. № 3 - С.131-138.
2. Белоносов В.О., Сэндуляк К.И. Уголовно-процессуальные проблемы условно-досрочного освобождения // Вестник СЮИ 2015. - С.18-21
3. Складченко М.В. Региональные системы контроля судебных решений об условно-досрочном освобождении // Вестник Самарского юридического института: научно-практический журнал. № 1(12)2014. - С.45-49
4. Судья Верховного суда Аслан Тукиев: «Судебная практика есть отражение действия закона», zakon.kz, 04.09.2020.



Тлепова Г.А.,  
судья Актюбинского  
областного суда,  
магистр права

## ПОЛНОМОЧИЯ СЛЕДСТВЕННОГО СУДЬИ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ В СУДЕБНОЙ ПРАКТИКЕ

### Аннотация

Мақалада қылмыстық қудалау органның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру арқылы сотқа дейінгі сатыда сотқа жүгіну құқығын реттейтін қылмыстық – процестік кодексінің нормалары талданады. Шағымдарды қарау соттылығын және сотпен қабылданатын шешімдерді айқындайтын нормаларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар тұжырымдалды.

**Түінді сөздер:** сотқа дейінгі өндіріс, қылмыстық қудалау органның әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері.

### Аннотация

В статье анализируются нормы уголовно-процессуального кодекса, регламентирующие порядок доступа к правосудию на досудебной стадии путем реализации права обжалования на незаконные действия (бездействия) и решения органа уголовного преследования. Сформулированы рекомендации по совершенствованию норм, подсудности рассмотрения жалоб и принимаемых решений судом.

**Ключевые слова:** досудебное производство, действия (бездействия) и решения органа уголовного преследования.

### Annotation

The article analyzes the norms of the Criminal Procedure Code regulating the procedure for access to justice at the pre-trial stage by exercising the right to appeal against illegal actions (inaction) and decisions of the criminal prosecution body. Recommendations are formulated to improve the norms, jurisdiction of consideration of complaints and decisions made by the court.

**Keywords:** pre-trial proceedings, actions (inaction) and decisions of the criminal prosecution body.

Введение института следственного судьи в процессуальное законодательство Республики Казахстан продиктовано политикой государства на реализацию права каждого на судебную защиту, закрепленного в пункте 2 статьи 13, пункте 1 статьи 76 Конституции Республики Казахстан.

Рассмотрение судами жалоб на осуществляемые в стадии досудебного производства по уголовным делам действия (бездействие), а также

принимаемые решения прокурора, органов уголовного преследования является одним из способов обеспечения права доступа к правосудию.

Если обратиться к историческим истокам, то в ранее действовавшем уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан (далее – УПК) в редакции Закона 1997 года, была предусмотрена норма в статье 109, предусматривавший судебный порядок рассмотрения жалоб на решения прокурора.

Веление времени и стремление законодателя обеспечить действие принципа состязательности и равноправия сторон расширило пределы доступа к правосудию в ныне действующем законодательстве.

Верховным судом Республики Казахстан в целях обеспечения судебной защиты прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц в ходе досудебного производства по уголовным делам, а также выработки единообразной судебной практики по рассмотрению жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования принято Нормативное Постановление (далее – НП) от 27 июня 2012 года № 3 «О рассмотрении судами жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования (статья 106 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан)».

Данное НП охватывает все возникающие вопросы при рассмотрении жалоб в порядке статьи 106 УПК, однако в судебной практике, следственные судьи сталкиваются с рядом проблем, требующие разрешения законодательными инструментами.

В частности, не отрегулирован порядок разрешения жалобы при повторной ее подаче, после отказа в ее удовлетворении.

Так согласно пункта 11 НП, в случаях подачи жалобы лицами, которые в соответствии с законом не обладают правом обжалования данного процессуального действия (бездействия), решения, либо подачи жалобы на действия (бездействие) и решения, которые не могут рассматриваться в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК, или пропуска срока для подачи жалобы и отсутствия ходатайства о его восстановлении, а также при поступлении от заявителя до начала судебного заседания заявления об отзыве жалобы судья выносит мотивированное постановление о возвращении жалобы без рассмотрения.

Пункт 12 НП гласит, судья после принятия жалобы к своему производству, за исключением жалоб на действия прокурора, также вправе предоставить время не более трех суток прокурору для принятия мер реагирования на нарушения законности, допущенные при производстве досудебного расследования или дознания. Устранение прокурором нарушений прав, свобод, законных интересов заявителя является основанием для оставления следственным судьей жалобы без рассмотрения.

В соответствии с пунктом 24 НП, в случаях, когда в судебном заседании будет установлено, что после обращения заявителя с жалобой к прокурору ответ от последнего им не получен и 15-суточный срок с момента ее подачи еще не истек либо когда заявитель пропустил указанный в части пятой статьи 106 УПК срок для обращения в суд, судья выносит постановление о возвращении жалобы

без рассмотрения с указанием соответствующих оснований. Аналогичное постановление судья выносит и в тех случаях, когда жалоба подана на действие (бездействие) или решение соответствующих должностных лиц, прокурора, обжалование которых предусмотрено в ином порядке, либо когда к этому моменту дознание или предварительное следствие закончено и дело направлено в суд.

Но на практике имеет место повторного обращения в следственный суд заявителя с жалобой, которая ранее была отказана в удовлетворении.

В таких случаях следственные судьи повторно рассматривают жалобу по существу и принимают решение об отказе в ее удовлетворении, тогда как целесообразно было бы, оставляя жалобу без рассмотрения, поскольку по существу она ранее рассмотрена и судом дана оценка.

На практике также встречаются случаи, когда заявитель обжалует в одной жалобе несколько действий и решений, жалоба по которым подсудна разным следственным судам по территориальности.

Однако в связи с тем, что процессуальным законодательством не предусмотрено выделение требований жалобы и направления ее по подсудности, следственные судьи рассматривают лишь подсудные им требования, а требования в части подсудности другого суда оставляются без рассмотрения.

К примеру, заявитель обжалует действия следователя в составе межведомственной следственно – оперативной группы, проводившего следственные действия на территории города Актобе, а также ответа заместителя Генерального прокурора на его жалобу.

Следственный судья рассматривает в данном случае по существу только первое требование, а второе требование оставляет без рассмотрения, поскольку оно подсудно следственному суду города Астана.

Таким образом, заявитель теряет время, в последующем обращается в следственный суд города Астана с ходатайством о восстановлении срока обжалования, тогда как в целях оперативного доступа к правосудию, правильным было бы на законодательном уровне предусмотреть порядок выделения требований жалобы в порядке статьи 106 УПК и направлении его по территориальной подсудности.

Введения института следственного судьи в национальном законодательстве вызвано необходимостью обеспечения судебного контроля на досудебной стадии.

В этой связи считаю, что принятые изменения в статье 502 УПК, Законом Республики Казахстан от 27 декабря 2021 года № 88-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам внедрения трехзвенной модели с разграничением полномочий и зон ответственности между правоохранительными органами, прокуратурой и судом» противоречат задачам уголовно-процессуального закона регламентирующего полномочия следственного судьи.

Так, в статье 502 УПК, предусматривающий порядок возбуждения производства по вновь открывшимся обстоятельствам, указано о том, что ответ прокурора об отказе в удовлетворении заявления, сообщения о возбуждении

производства по вновь открывшимся обстоятельствам направляется заявителю в течение трех суток с разъяснением ему права обжаловать постановление вышестоящему прокурору или в суд в порядке, предусмотренном статьей 106 настоящего Кодекса.

Возникает вопрос, какому суду подсудно рассмотрение жалобы на ответ прокурора об отказе в удовлетворении заявления, сообщения о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам, следственному судье, либо суду рассмотревшему делу по существу.

Если исходить из того, что рассмотрение жалоб о незаконности действий (бездействия), решений прокурора, органов уголовного преследования, поступивших после направления уголовного дела в суд, в соответствии с частью третьей статьи 305 УПК осуществляется судом при рассмотрении уголовного дела по существу, тогда будет ли правильным рассматривать жалобы указанные в статье 502 УПК следственным судьей.

Также согласно статьи 306 УПК, в случаях, предусмотренных настоящим Кодексом, районные и приравненные к ним суды по отнесенным к их подсудности делам рассматривают ходатайства о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам.

Считаю, что следственный судья не должен рассматривать жалобы на ответ прокурора об отказе в удовлетворении заявления, сообщения о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам, такие жалобы должны быть рассмотрены судом постановившим приговор, но не судьей принимавшим участие в рассмотрении дела.

Указанные проблемные вопросы, возникающие в судебной практике следственных судей, требуют разрешения путем законодательных инструментов.

А именно, внесения изменений в Нормативное Постановление Верховного суда Республики Казахстан от 27 июня 2012 года № 3 «О рассмотрении судами жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования (статья 106 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан)», а также в уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан.

Рекомендации:

Первое, пункт 11 НП предлагаю дополнить абзацем вторым следующего содержания:

«В случаях повторной подачи жалобы, по тем же самым требованиям по которым следственный судья ранее принял решение, судья выносит мотивированное постановление о возвращении жалобы без рассмотрения».

Второе, предлагаю дополнить пункт 10 НП абзацем третьим следующего содержания:

«Если в жалобе выдвинуты несколько требований, часть из которых данному суду не подсудны, то судья по итогам рассмотрения подсудных ему требований жалобы, также одновременно должен вынести постановление о направлении не подсудных ему требований жалобы в другой суд по подсудности».

Третье, предлагаю пункт 5 статьи 306 УПК, изложить в следующей редакции:

«В случаях, предусмотренных настоящим Кодексом, районные и приравненные к ним суды по отнесенным к их подсудности делам рассматривают ходатайства о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам, жалобы в порядке статьи 106 настоящего Кодекса на ответ прокурора об отказе в удовлетворении заявления, сообщения о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам».

**Список использованных источников:**

1. См.: Лобойко Л.Н., Банчук А.А. Криминальный процесс: Учебное пособие. – К.: Ваіте, 2014. – С. 15, 16 (на укр. языке). URL: <https://www.osce.org/uk/project-coordinator-in-ukraine/358176>

2. Ахпанов А.Н., Азаров В.А., Амиргалиев А.А. «Пределы и механизм судебного контроля в стадии досудебного расследования: анализ проекта УПК Республики Казахстан» // Всероссийский криминологический журнал. 2014. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/predely-i-mehanizm-sudebnogo-kontrolya-v-stadii-dosudebnogo-rassledovaniya-analiz-proekta-upk-respubliki-kazahstan>

**З.К. Хамидуллина,  
Атырау облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
төрағасы**

**ҚАЗАҚСТАНДА ЕСІРТКІ МЕН ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ,  
ОЛАРДЫҢ АНАЛОГТАРЫ МЕН ПРЕКУРСОРЛАРЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ  
АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ  
ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Елдегі есірткі жағдайы Мемлекет басшысы мен азаматтық қоғам өкілдері тарапынан ерекше алаңдаушылық туғызады. Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда синтетикалық есірткі өндірісін жоюды тапсырды. «Есірткі өндірісі Қазақстан Республикасының аумағына өтті, бұл біздің мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін елеулі құбылыс. Бұған қарсы күрес үшін барлық уәкілетті органдардың күш-жігерін біріктіру қажет. Әйтпесе, біз жағдайды жіберіп аламыз. Қазақстан аумағында синтетикалық есірткі өндірісінің барлық ошақтарын жою жөнінде ең шешуші шаралар қабылдау өте маңызды міндет», - деді Президент.

Осыған байланысты есірткінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге бағытталған құқық қорғау органдары тарапынан бақылау іс-шарасы күшейтілуде. Атап айтқанда, жедел-ізвестіру, арнайы іс-шаралары, тінту және ұстау жұмыстары көп жүргізілгенін көріп отырмыз. Осы бағыттағы өзара іс-қимыл жөніндегі жоспарлар бекітілді.

Демек, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алу мәселелері соттардың, сондай-ақ мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта есірткі сатушылар бұл бизнесті цифрлық трансформациядан сәтті өткізген және цифрлық жетілудің барлық мүмкін деңгейлеріне жеткен. Барлығы цифрлық форматта, электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы жедел және құпия түрде жүргізіледі. Оларды ұстау мүмкіндігі өте аз. Қазір тек жеткізушілерді (курьерді) ұстайды. Ол онсыз да өмірден баз кешіп, амалсыз әрекеттер жасап жүрген адам болуы мүмкін. Ал негізгі бұл қылмыстық бизнесті басқарып отырғандар шымылдық артында қала береді.

Жалпы, еліміз пандемиядан кейінгі кезеңде есірткі және психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істерді қарауда бірқатар ерекшеліктерге тап болды.

Есірткі нарығының құрылымын өзгертуге және оған психоактивті заттардың жаңа түрлерін енгізуге жедел ден қою мақсатында соңғы жылдары ұлттық заңнама айтарлықтай пысықталды, есірткіге бақылауды белгілеу тәртібі оңайлатылды, олардың интернет желісіндегі айналымы үшін жауапкершілік күшейтілді.

Мәселен, 2020 жылғы 10 қаңтардан бастап есірткі қылмыстары үшін қылмыстық заңнамаға «электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану» деген жаңа саралау белгісі енгізілді. Бұл бірқатар баптарда көзделеді: есірткіні сату, тарату, оларды жасау үшін туынды айналым; есірткіні тұтынуға тарту. Қылмыстар бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімдерін белгілей отырып, ауыр және аса ауыр санатқа жатқызылады. Есірткіні жарнамалау және насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осы бап бойынша жаза 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыруды қарастырады.

2021 жылдың қазан айында бірқатар синтетикалық есірткілер мен прекурсорлардың айналымы үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізген түзетулер күшіне енді. Соңғы екі жылда мемлекеттің бақылауына психоактивті заттардың 115 жаңа түрі енгізілді. Есірткінің қылмыстық салмағы төмендеді (50 грамнан 1 грамға дейін), одан «альфа- пирролидиновалерофенон» (жылдамдық), «мефедрон» (меф) және синтетикалық каннабиноидтар (дәмдеуіштер) және т.б. сияқты синтетикалық есірткілердің заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Медициналық емес тұтынуды декриминализациялауды, сондай-ақ прекурсорлар мен күшті заттардың («трамадол», «азот оксиді» және басқа рецепт бойынша дәрі-дәрмектер) айналымы үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін заңнамалық түзетулер енгізілді. Бұл жерде қолданыстағы заңнамаға сәйкес есірткіні қолдану қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылмайтынын, қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасы ҚК-нің 296-бабының 1-бөлігі шеңберінде қоғамдық орындарда есірткіні қолданған жағдайда ғана туындайтынын атап өткен жөн.

Қазіргі тәжірибе қоғамдық орындарда есірткіні қолдану фактісін дәлелдеу қиын, адам үйде немесе басқа жерде қолдана алады, содан кейін қоғамдық жерде пайда болады. Бұл есірткіге деген сұраныстың артуына алып келеді және жазаның алдын алу функциясын іс жүзінде жоққа шығарады – есірткіні эпизодтық тұтынуға жол беретін адамдар санының азаюы, есірткіні қолданумен қатар жүретін қылмыстар санының азаюы (бұзақылық, ұрлық, притондарды ұстау, есірткі сату).

Осыған байланысты ПМ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Қылмыстық кодекстің 296-бабының 1-бөлігін «қоғамдық орын» біліктілік белгісін алып тастап, әкімшілік құқық бұзушылық санатына ауыстыра отырып, қылмыссыздандыру туралы ұсыныс енгізілді. Бұл есірткіні қолданғаны үшін ұсталған барлық адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге, сол арқылы жасырын есірткі тұтынушыларға қатысты құқық орбитасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Яғни, жазаның бұлтартпаушылық қағидатын қамтамасыз етеді және есірткі тұтынудан бас тартуға немесе одан бас тартуға итермелейтін қосымша құқықтық тетік болып табылады.

Денсаулық адамның ең құнды, қайталанбас, жоғалса қайта орнына қиындықпен келетін асыл қазынасы. Бүгінгі таңда әлемді толғандырып отырған мәселелердің бірі – адам денсаулығы. Адам өміріне қауіп төндіретін, адам

ағзасын улайтын зиянды әрекеттердің бірден бірі нашақорлық, есірткі болып табылады. Есірткі бұл адамның көңіл күйін, сана сезімін, мінез құлқын бұзатын қауіпті зат. Олар адам ағзасы мен психикасына әсер етіп зақымдайды. Сана сезімі уланған адамның мінез құлқы, жүріс тұрысы күрт өзгеріп, басқа қылмысты жасауға дайын тұрады. Сондықтан, есірткі саудасының өршіп кетпеуіне барлығымыз атсалысуымыз қажет.

Қазіргі таңда сот тәжірибесінде аталған санаттағы қаралған істердің басымкөпшілігі жұмыс іздеген адамның әлеуметтік желіден «курьер жұмысы», «жеткізу қызметі» батырмасын басып, телеграмм желісінен анықталмаған тұлғамен хат алмасу барысында синтетикалық заттарды қабылдап алу, оларды пакеттерге бөлшектеп салу, жасырын орындарға 0,3., 0,5., 1 грамнан жасырып кету қызметіне орналасуынан психотроптық заттарды өткізу мақсатында қызметке орналасқанынан туындайды. Бастапқыда кінәлі тұлғалардың басымкөпшілігі психотроптық заттар екенін білмей қалатын жағдайлар кездеседі. Себебі есірткі сатып отырған адам жөнелтетін тауардың атын «меф», «ск» деп қысқартылған күйде жазады, алайда, тауарды алғаннан кейін, жеңіл жолмен қомақты ақша түскеннен кейін есірткі сатушы өзін өзі тоқтата алмай, бұдан әрі есірткі таратуын тоқтатпай, халық денсаулығына және имандылығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алуына жол береді.

Бүгінгі таңда аталған санаттағы істер жылдан жылға, күннен күнге саны артып келеді. 15 жастағы мектеп оқушысынан бастап ересек адамдарға дейін ер адамда, қыз балаларда есірткіні сату қылмысымен айналысып жүр.

Қазіргі таңда жастардың арасында бұл қылмыстық құқық бұзушылық көп орын алуда. Өз кезегінде шалыс басқан жастар өз өмірлеріне балта шауып, темір тордың арғы жағындағы өмір оңай емес екенін кеш түсінеді.

Бұл жағдайға немқұрайлық танытып, әліптің артын бағып отыруға болмайды, жастардың күннен күнге көбейіп, сотталып жатуы қоғамның да тыныштығын бұзуы мүмкін.

Осы негізде, аталған санаттағы құқық бұзушылықтың бастауы әлеуметтік желіден орын алатынын ескере келе, Қазақстан аумағы ішінде ғана орын алатын байланыс желісін ойластыру қажет деп санаймын. Себебі, әлеуметтік желідегі жарнаманы тоқтатпаған жағдайда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың саны артып, жастар арасында көбеюі ықтимал. Сонымен қатар, бірден бір бастама орын алып отырған - Телеграмм желісінің өкілдіктерін елімізде ашуды, олардың алдына мемлекет тарапынан желіні бақылау туралы талаптар енгізуді қамтамасыз ету қажет. Болмаса желінің қызметін шектеу немесе балаламалы арналар әзірлеу қажет деп санаймын. Біз қазірден бастап бұл мәселеге жауаппен қарамасақ кейін кеш болуы мүмкін.

Сот залындағы сотталушылардың басым көпшілігі бастапқыда бұл жұмысқа орналасқан кезде психотроптық зат таратумен айналысқандарын білмей қалғандарын, оны кеш білгендерін, білген кезде бас тарта алмай қалғандарын көрсетеді. Есірткіні жерге жасырған кезде оны кімге өткізгендерін де білмейді.

Жазаның мақсаты сотталушыларды жазалау емес, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, жаңа қылмыстың алдын алу, сотталғанның түзелуіне жеткілікті жаза тағайындау болып табылады.



Өз тағдырына тас лақтырып, шалыс басқанын кеш түсінген жастардың болашағына да балта шаппауымыз керек деп ойлаймын.

Қолданыстағы заңда аса ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарға кінәні мойындау түріндегі процестік келісімге келу қарастырылмаған.

Қазіргі таңда есірткіні жерге жасырып (заклад) таратумен айналысқан жастарға қатысты істер күннен күнге көбеюде.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, осы санаттағы істер былтырғы жылға қарағанда үш есе көбейген.

Кей жағдайда бірінші рет есірткі жасыруға шыққан адамдар ұсталып қалған істерде кездеседі немесе бір жылдан бері осы кәсіппен айналысып жүрген кінәлі тұлғаларда кездеседі. Аса ірі мөлшердегі, электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы есірткі таратқандарға 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.09.2021 жылғы №470 «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені, есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы» өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қаулысына сәйкес, психотроптық зат 1,0 граммнан асқан жағдайда аса ірі мөлшерге жатқызылады. Яғни, олардың барлығының іс-әрекеті аса ауыр санатқа жатады.

Сондықтан, жастардың түзелуіне, олардың қоғамға қайта оралуына, Қазақстанның болашағына, экономикасына мүмкіндік беру мақсатында ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарға кінәні мойындау түріндегі процестік келісім жасау мүмкіндігін беру қажет деп санап ұсынамын.

Жалпы кінәні мойындау түріндегі процестік келісімді жасау прокурордың құқығы. Сондықтан, бұл санаттағы істерге кінәні мойындау түріндегі процестік келісім жасауды прокурор шешкен кезде есірткі таратуды бірінші рет жасағандарға ескереді деп ойлаймын. Ал көп жылдар бойы ірі көлемдегі, қомақты ақшаға есірткі таратумен айналысқандарға кінәні мойындау нысанындағы процестік келісім жасамау да прокурордың құқығы болып табылады.

2020-2023 жылдар аралығында Қазақстанда есірткі құралдарының заңсыз айналымымен күресу үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсалды. Есірткіге қатысты қылмыстық істерді қарауда заңнамалық өзгерістер, бақылауды күшейту, халықаралық ынтымақтастық және іс жүргізу ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Алайда, бұл проблема одан әрі назар аударуды және тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін күрес шараларын жетілдіруді талап етеді.

Әділ қазылық ету – кез келген судьяның қасиетті парызы. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Сот істі қарау барысында дәлелдемелердің заңды жолмен алынғанын, жол берілетінін зерттей келе ішкі сенімімен бағалайды.

Жалпы дәлелдемелерді бағалауда алдымен судья жан-жақты білімді, парасатты, барлық жағдайды ақылға сала алатын болу қажет. Өмір тәжіриребесі де маңызды рол атқарады. Өмірде әртүрлі жағдайлар орын алады. Басты сот талқылауында тараптардың біреуі шындығын айтса, біреуі жалған ақпарат береді, не болмаса екі тараптың өздері де жалған айтуы мүмкін. Сондықтан, судьяның теориялық жағынан ғана емес, психологиялық, моральдық тұрғыдан дайындығы болуы қажет.

Бірінші сатыдағы соттың актілері апелляциялық, кассациялық сот алқаларында күші жойылуы, өзгеруі көбінен дәлелдемелерге жеткілікті баға берілмеуінен орын алады.

Сондықтан жоғары оқу орындарында немесе қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы сот төрелігі академиясында арнайы дәлелдемелерді бағалау пәнін енгізу қажет деп ойлаймын.

**IV ТАРАУ/  
IV ГЛАВА**

**ӘКІМШІЛІК СӨТ  
ІСІН ЖҮРГІЗУ/  
АДМИНИСТРАТИВНОЕ  
СУДОПРОИЗВОДСТВО**



**Қ.Т. Адранов,**  
**Ұлытау облыстық сотының төрағасы,**  
**З.ғ.к.**

## **ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ КЕЙБІР НОРМАЛАРЫНА АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КӨЗҚАРАС**

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты өзінің алғашқы халыққа Жолдауында азаматтарымыз жария-құқықтық дауларды билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздікті болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет» деген болатын.

Президенттің тапсырмасын іске асыру мақсатында 2020 жылдың 29-маусымында Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (әрі қарай – ӘРПК) қабылданып, 2021 жылдың 1-шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

ӘРПК-сі судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар беру арқылы, сотқа жүгінген тараптардың құқықтарын қорғауда мемлекеттік органдар мен халықтың арасындағы алшақтықты жоюға бағытталғандығын өткен екі жыл ішінде дәлелдеді.

Қазіргі таңда, жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыруға, жария-құқықтық қатынастарда жеке әрі қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуге, оның ішінде қарапайым халықтың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз етуге, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайтуға жан-жақты мүмкіндіктер жасалуда. Оның бір көрінісі ретінде Республика бойынша талап қоюшы жеке тұлғалар мен бизнес өкілдерінің пайдасына шығарылған шешімдердің сандарының артқанын айтуға болады. Мысалы, Ұлытау облысын алсақ, ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында қаңғаттандырылған әкімшілік талап қоюлар пайыздық мөлшерде жалпы қаралған істердің 72,2% құрап отыр.

ӘРПК-нің 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында осы Кодексте анықталады. Егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуді Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) ережелері қолданылады.

Бұл нормада заң шығарушы тарапынан заңдарды ұқсастығына қарай қолдану қағидасының іске асуына мүмкіндік жасалғанын аңғарамыз.

Осы тұрғыда ӘРПК-нің кейбір нормаларына азаматтық процестік көзқарас жасап, АПК-ке өзгертулер мен толықтырулар енгізу мүмкіншіліктері бойынша мәселелерді қарастырайық.

ӘРПК-нің ең ерекше жаңашылдықтарының бірі, ол әкімшілік соттың белсенді рөлі.

Соттың, объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, азаматтық процеске басшылықты жүзе асыруды көздейтін АПК-нің 15-бабына қарағанда, соттың белсенді рөлін қамтитын ӘРПК-нің 16-бабының нормалары тараптарға істің мән – жайларын толық әрі объективті зерттеуге процесік құқықтарын барынша толық іске асыруға қажетті жағдай жасайды.

Нақтырақ айтқанда, әкімшілік сот процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Сот әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Әкімшілік соттың рөлін АПК-ке қарағанда белсенді жасайтын басты жайт, ол сот, әкімшілік істің нақты немесе заңды жақтарына жататын құқықтық негіздемелер мен жалпы даудың мән-жайлары бойынша алдын ала құқықтық пікірді айтуға құқылы.

Сот тарапынан мұндай құқықтық пікір айтылған соң талап қоюшы өзінің позициясының әлсіз екенін ұғынып талап қоюды кері қайтарып алуы мүмкін немесе мемлекеттік орган болып табылатын жауапкер де өзінің позициясын растайтын жазбаша дәлелдемелердің жеткіліксіз екендігіне көзі жетіп жатса, ол өз тарапынан талап қоюшының пайдасына қолайлы әкімшілік акт қабылдауға құқылы.

Ал АПК-нің нормалары бойынша азаматтық істі қарау барысында сотта белсенділік көрсету құқығы жоқ, сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелерді жинау мүмкіндігінен шектелген және талап қоюшы тарапынан қате қойылған талаптарды түзетуге жәрдемдесе алмайды.

ӘРПК-ін қолданысқа енгізгелі бері қалыптасқан әкімшілік істерді қарау тәжірибесі әкімшілік соттың белсенді рөлінің дауларды жедел, жан-жақты, толық және объективті шешілуіне ықпал еткендігін аңғартады.

Әкімшілік істерді қарау тәжірибесі судьялардың өздеріне берілген құқықтық пікірлерін алдын-ала айтуға байланысты сот процесіне қатысушылар тарапынан қандай да бір сын ескертпелер түспегендігін де көрсетіп отыр. Бұл іске қатысушылардың судьялар жағынан өз құқықтық пікірлерін алдын ала білдіруі, істердің әділ және бейтарап шешілуіне бағытталғандығын дұрыс қабылдағандығының айғағы.

Осы жоғарыдағы айтылғандарды ескере отыра, АПК-не ӘРПК-де көзделген соттың белсенді рөлі қағидасын еңгізу азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің азаматтық іс жүргізу барысында да тиімді түрде қорғалуына негіз болады деп санаймыз.

Сонымен қатар, АПК-не қарағанда ӘРПК-сі (29-бап) бойынша талап қоюшы тарапынан тиісті емес жауапкерге талап қойылған жағдайда, сот оның келісуімен сол тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстырады, ал талап қоюшы келіспей жатқан жағдайда, сот талап қоюшының келісуінсіз тұлғаны өз бастамасымен екінші жауапкер ретінде тарта алады.

Мұндай мүмкіндік АПК-де қарастырылмаған.

Азаматтық іс жүргізуде егер талап қоюшы тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкерге ауыстыруға келіспей жатқан жағдайда, сот сол тиісті емес жауапкерге қатысты талап арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығаруға міндетті. Мұндай жайт, өз кезегінде, талап арызы қанағаттандырусыз қалған тарапты, яғни талап қоюшыны тиісті жауапкерге қатысты жаңа талап арызбен сотқа жүгінуге мәжбүрлейді.

Осы тұста айтарымыз, сотқа, талап қоюшының келісуінің жоқтығына қарамай тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкерге ауыстыруға мүмкіншілік беретін норманы АПК-не еңгізсе, ол басқа даулардың туындауына, жаңа талап арыздар берілмеуіне негіз болар еді.

ӘРПК-нің АПК-нен тағы бір айырмашылығы әкімшілік сот істі қарау барысында процестік мәжбүрлеу шалараларының бір түрі ретінде - ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Аталмыш шараға жекелей тоқталып өтсек, ол жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен бастап бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде қолданылады. Егер сот актілері мен талаптары орындалмаған жағдайда сот тұлғаға ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Ал, ақшалай өндіріп алуды қолдану негіздері мынадай:

- сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе;

- соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) жасаса;

- соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамаса.

Қазіргі кезде ӘРПК-нің 127-бабында көзделген бұл процестік мәжбүрлеу шарасын қолдану бойынша сот тәжірибесіне үңілсек, ол әкімшілік істердің барлық қатысушыларын қатаң тәртіпке шақырып отырғандығын байқаймыз.

Сол себепті, ақшалай өндіріп алуды қолдану бойынша әкімшілік сот ісін жүргізу тәжірибесін АПК-не жеке норма ретінде еңгізу, азаматтық процеске оң ықпал етеді деп санаймыз.

ӘРПК-нің тағы бір жаңашылдығы - Кодекстің 23-тарауында белгіленген жазбаша іс жүргізу, нақтырақ айтқанда - жазбаша талқылау.

Жазбаша талқылаудың АПК-де қамтылған оңайлатылған іс жүргізу тәртібінен айырмашылығы мен ерекшелігіне қысқаша тоқталсақ.

АПК-сі бойынша жауапкер оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы болса, ӘРПК-сі бойынша жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс шеңберінде шыққан шешімге тараптар тікелей апелляциялық тәртіппен шағым жасауға болады. Яғни, даудың шешілу мәселесі негізсіз созбалаңға салынбай, апелляцияның шағымдану мүмкіндігі мен уақытын шектемейді.

ӘРПК-тің 148-150 баптарына сәйкес жазбаша талқылау тәртібімен қарау барысында сот, қажет болған жағдайда, яғни жеке процесік әрекетті жасау немесе процесік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін.

Сот ауызша талқылау өткізгеннен кейін қайтадан жазбаша іс жүргізу тәртібіне ешқандай қосымша ұйғарымдар шығармай-ақ көше алады.

Ал АПК-де (21-1 тарау) сот, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін белгілеген мерзімдер өткеннен кейін, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен тараптарды шақырмастан қарап, тиісті шешім шығарады.

Егер, жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған болса, сот шығарылған шешімнің күшін жойып, істі өз мәні бойынша талап қою нысанында қарауды бастайды.

Яғни, сот, істі қайта оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібіне көшіп, қарай алмайды, тек талап қою нысанында, ауызша талқылау арқылы ғана аяқтауға мәжбүр болады.

Сол себепті, ӘРПК-гі осы ерекшелікті АПК-ке де енгізу мақсатқа сәйкес болар еді, себебі бұндай өзгеріс азаматтық істер қарайтын соттардың жұмыстарын оңайлатуға мүмкіншілік беріп, өзінің оң әсерін тигізері сөзсіз.

Нақтырақ айтқанда, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған шешімнің жауапкердің арызы негізінде күшін жойған соң, бірінші сатыдағы сот істі талап қою нысанында емес, қайтадан сол оңайлатылған тәртіппен әрі қарай жалғастырып қарау мүмкіншілігіне ие болар еді.

Әкімшілік істерді жазбаша талқылау тәртібімен қараудың басты ерекшелігі, ол соттың уақытын және де іске қатысушылардың материалдық шығындарын үнемдеуге бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе айтарымыз, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы тұрғысында жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру міндеті жүкделген әкімшілік әділеттің жаңашылдықтары мен оң тұстары азаматтық іс жүргізу барысында да қолданылса.

**Н.Е. Есенжолов,  
Абай облыстық сотының  
қылмыстық істер жөніндегі  
сот алқасының төрағасы**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ЮСТИЦИЯ МОДЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### **Аннотация**

Мақала Қазақстандағы әкімшілік юстиция моделінің ерекшелігін талдауға арналған. Зерттеу арқылы әкімшілік юстицияның қалыптасуы, әкімшілік соттар мен әкімшілік сотөндірісінің жүйесі мен мазмұны қаралады. Әкімшілік юстиция мемлекеттік басқаруда атқару билігін бақылайтын және азаматтардың (ұйымдардың) құқықтарын қорғайтын құқықтық мемлекеттің ерекше институты. Сонымен бірге әкімшілік юстиция моделінің қалыптасуы мен өзектілігі мемлекеттік құрылыс пен қоғамның саяси, мәдени жағдайлармен байланысты екендігі анықталады.

Зерттеу барысында әкімшілік юстиция модельдеріне талдау жасалып, француздық, германиялық, англо-саксондық модельдердің жүйесінде қазақстандық моделдің құрылуы сипатталды. Әкімшілік юстицияның негізі болатын әкімшілік құқықтың мазмұнындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының құқықтық мемлекет тұрғысынан тең, ашық қаралуының концепциялық негіздері берілді.

Талдау барысында әкімшілік юстицияның қазақстандық негіздерін қалыптастырудағы әкімшілік соттардағы бұқаралық құқықтық даулар мен әкімшілік құқықбұзушылық істерін ажырату негіздері көрсетілді. Бұл әкімшілік юстицияның басқару саласындағы «құқықтық мемлекет» идеясының міндеттерін басшылыққа алып, әкімшілік пен азаматтардың тең, заңдылық бойынша қарым-қатынасын бекітеді. Сонымен қатар еліміздің германиялық моделге жақын жүйесі, ондағы әкімшілік сот пен сотөндірісінің процессуалдық ерекшеліктері, теориялық даму негіздері берілді.

**Түйінді сөздер:** әкімшілік юстиция; модель; әкімшілік сот өндірісі; әкімшілік құқық; әкімшілік басқару; қағидалар; құқықтық даулар; адам құқықтары; бақылау.

## **НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ МОДЕЛИ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮСТИЦИИ В КАЗАХСТАНЕ**

### **Аннотация**

Статья посвящена анализу особенностей модели административной юстиции в Казахстане. Рассматривается становление административной юстиции, система и содержание административных судов и административного судопроизводства.

Административная юстиция – это особый институт правопорядка, осуществляющий контроль за исполнительной властью и защищающий права граждан (организаций). При этом определено, что формирование и



актуальность модели административной юстиции связаны с политическими и культурными условиями государственного строительства и общества.

В исследовании анализируются модели французской, немецкой, англо-саксонской административной юстиции и особенности применения отдельных их элементов в системе казахстанской административной юстиции. Приведены понятийные основы рассмотрения прав и свобод граждан в контексте законности в содержании административного права, являющегося основой административной юстиции.

В ходе анализа были отражены основы разграничения публично-правовых споров и дел об административных правонарушениях в административных судах при формировании казахстанских основ административной юстиции. Руководствуясь целью идеи «правового государства» в управлении административная юстиция укрепляет равноправные, правовые отношения между администрацией и гражданами.

Кроме того, были представлены некоторые механизмы, процессуальные особенности административного и судебного производства, основы теоретического развития близкие к германскому образцу.

**Ключевые слова:** административная юстиция; модели; административное судопроизводство; административное право; административное управление; принципы, правовые споры; права человека; контроль.

## **SOME ISSUES OF FORMING A MODEL OF ADMINISTRATIVE JUSTICE IN KAZAKHSTAN**

### **Abstract**

The article is devoted to the analysis of the features of the model of administrative justice in Kazakhstan. The study examines the formation of administrative justice, the system and content of administrative courts and administrative proceedings. Administrative justice is a special institution of law and order that exercises control over the executive power and protects the rights of citizens (organizations). At the same time, it was determined that the formation and relevance of the model of administrative justice are associated with the political and cultural conditions of state building and society.

The study analyzes the models of French, German, Anglo-Saxon administrative justice and the features of the application of their individual elements in the system of Kazakhstani administrative justice. The conceptual foundations for considering the rights and freedoms of citizens in the context of legality in the content of administrative law, which is the basis of administrative justice, are given.

In the course of the analysis, the basics of distinguishing between public law disputes and cases of administrative offenses in administrative courts were reflected in the formation of the Kazakhstani foundations of administrative justice. Guided by the goal of the idea of a «rule of law» in management, administrative justice strengthens equal, legal relations between the administration and citizens. In addition, some mechanisms were presented, procedural features of administrative and judicial proceedings, the foundations of theoretical development close to the German model.

**Keywords:** administrative justice; models; administrative proceedings; administrative law; administrative management; principles, legal disputes; human rights; control.

*Kipicne.* Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет болуы мен әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіруде адам құқықтарын қорғау, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту маңызды. Аталған мәселелерге қол жеткізуде әкімшілік юстицияның орны ерекше. Ол әкімшілік құқықтық қатынастар саласындағы мемлекет (органдар, лауазымды тұлғалар) пен азаматтардың (ұйымдардың) арасындағы бұқаралық құқықтық дауларды қарау институты. Сонымен бірге мемлекет әкімшілігіне соттық (квасисоттық) бақылау механизмі.

Әкімшілік юстиция әлем елдерінде әртүрлі моделде қалыптасып отыр. Модельдердің әрқайсысының ерекшеліктері мен ортақ мәні, белгілері сақталған. Елімізде бұл институт жаңадан пайда болып, арнайы әкімшілік соттар мен әкімшілік өндіріс тәртіптерімен жүзеге асуда. Қазақстан Республикасында (бұдан әрі ҚР) Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің (бұдан әрі ӘРПК) қабылдануы басқару саласындағы бұқаралық құқықтық дауларды қараудың жақсы тәжірибесін қалыптастыруда.

Әкімшілік юстицияның дамуында қазіргі адам құқықтарын қорғау мен атқару билігін бақылаудың тиімділігін арттыру, әкімшілік соттардың қызметтерін, теориялық және заңнамалық негіздерін, жүйесі мен заманауи механизмдерін жетілдіру өзекті болуда.

